

**Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ
ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ**

ЖОБА

**«БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ
САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ОҚЫТУ
СТРАТЕГИЯЛАРЫ»
тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Ақтау 2026 ж

Бағдарлама авторы:

Көкшеева Зайни Таласқызы – Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, «Жалпы педагогика» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Бағдарлама:

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің талаптарын ескере отырып әзірленген.

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Глоссарий.....	5
3. Бағдарлама тақырыбы.....	6
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеті және күтілетін нәтижелері.....	7
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....	8
6. Оқу процесін ұйымдастыру.....	11
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.....	11
8. Оқыту нәтижелерін бағалау.....	13
9. Курстан кейінгі қолдау.....	15
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.....	17

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Бұл білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығымен бекітілген «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары» талаптарына сәйкес әзірленді. Бағдарлама бастауыш сынып мұғалімдерінің заманауи оқыту стратегияларын меңгеруіне, оқушылардың функционалдық сауаттылығын (оқылым, математикалық, жаратылыстану) жүйелі дамыту бойынша кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға және білім беру үдерісінде тиімді педагогикалық тәсілдерді қолдану қабілетін күшейтуге бағытталған.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығы;

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы;

«Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы;

Жаһандық цифрлық трансформация, инклюзивті білім беру, дербестендірілген оқыту және халықаралық зерттеулер (PIRLS, TIMSS) нәтижелерін талдау бастауыш сынып оқушыларының ерте жастан функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды маңызды міндет ретінде айқындайды. Осыған орай, бастауыш сынып мұғалімдерінің заманауи белсенді оқыту стратегияларын меңгеруі — оқушылардың алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдыларын дамытудың, отандық бастауыш білім сапасын халықаралық деңгейге көтерудің негізгі алғышарты болып табылады.

Бағдарлама мазмұны келесі стратегиялық құжаттармен үйлеседі: Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы; «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Бұл құжаттар бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дамуын, оқытудың инновациялық және пәнаралық тәсілдерін қолдануды, білім берудегі нәтижелілікті қолдайды.

Бағдарлама халықаралық озық тәжірибеге негізделеді:

○ *Reading Literacy & Mathematical Literacy* (Бастауыш мектептегі оқылым және математикалық сауаттылық трендтері);

○ *PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study)* және *TIMSS* халықаралық бағалау шеңберлері мен тапсырмалар форматы;

○ *Active Learning Strategies* (Белсенді оқыту стратегиялары: сыни тұрғыдан ойлау, жобалық оқыту);

○ *Scaffolding & Differentiation* (Оқушыларды сатылап қолдау және саралап оқыту);

○ *Formative Assessment for Learning* (Оқу үшін қалыптастырушы бағалау және дамытушы кері байланыс).

Қазіргі бастауыш білім беру жүйесінде мұғалімнің рөлі дайын ақпаратты беруші ғана емес, оқушының бойында өмір бойы оқуға қажетті іргелі дағдыларды (функционалдық сауаттылықты) қалыптастырушы, бағыттаушы фасилитатор ретінде айқындалады.

2. ГЛОССАРИЙ

Функционалдық сауаттылық (Functional Literacy) – оқушының мектепте алған білім, білік және дағдыларын адамзат қызметінің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғалық қарым-қатынастар мен әлеуметтік ортада кездесетін өмірлік мәселелерді шешу үшін тиімді қолдана алу қабілеті.

Оқылым сауаттылығы (Reading Literacy) – адамның қоғамдық өмірге белсенді араласуы, өз мақсаттарына жетуі және білімі мен ішкі әлеуетін дамыту үшін мәтіндерді түсіну, қолдану, олар туралы ой толғау және оқи алу қабілеті.

Математикалық сауаттылық (Mathematical Literacy) – адамның қоршаған әлемдегі математиканың рөлін анықтау және түсіну, әртүрлі контекстерде математикалық тұрғыдан негізделген пікірлер айту және математиканы қазіргі әрі болашақ өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдалана алу қабілеті.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық (Scientific Literacy) – жаратылыстану ғылымдары саласындағы білімді өмірлік жағдаяттарда туындайтын мәселелерді анықтау, ғылыми негізделген қорытындылар жасау және қоршаған ортаны, оған адам іс-әрекеті әкелетін өзгерістерді түсіну үшін қолдана алу қабілеті.

PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study) – бастауыш сынып (бастауыш білім берудің 4-жылы) оқушыларының халықаралық деңгейде мәтінді оқу және түсіну сапасын, сондай-ақ әртүрлі елдердің білім беру жүйесіндегі айырмашылықтарды бағалайтын халықаралық зерттеу.

TIMSS (Trends in International Mathematics and Science Study) – 4 және 8-сынып оқушыларының математика мен жаратылыстану пәндері бойынша білім сапасын, логикалық ойлау деңгейін зерттейтін халықаралық салыстырмалы бағалау бағдарламасы.

Оқыту стратегиясы (Instructional Strategy) – білім беру процесінде белгілі бір дидактикалық мақсаттарға жетуге, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және нақты дағдыларды қалыптастыруға бағытталған мұғалім мен оқушы іс-әрекетінің жүйелі амалдары мен әдістер жиынтығы.

Белсенді оқыту (Active Learning) – оқушының дайын ақпаратты енжар қабылдаушы емес, білімді іздену, талдау, талқылау және өздігінен құрастыру процесіне белсенді қатысушысы ретінде көрінетін оқыту формасы.

Саралап оқыту (Differentiation) – сыныптағы оқушылардың жеке ерекшеліктерін, оқу қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен қабылдау деңгейлерін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын, үдерісін және нәтижесін бағалауды икемдеу тәсілі.

Скаффолдинг (Scaffolding) – оқушы тапсырманы өздігінен орындай алатын деңгейге жеткенге дейін мұғалім немесе анағұрлым тәжірибелі құрдасы тарапынан көрсетілетін уақытша, жүйелі қолдау мен бағыт-бағдар беру әдісі.

Жобалық оқыту (Project-Based Learning - PBL) – оқушылардың нақты әрі өмірлік маңызды мәселені зерттеу және шешу процесінде, сондай-ақ соңғы практикалық өнімді (жобаны) дайындау барысында білім мен дағдыларды иеленуіне бағытталған заманауи оқыту технологиясы.

Критериалды бағалау (Criteria-based Assessment) – оқушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін алдын ала белгілі, білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін және барлық қатысушыларға түсінікті критерийлермен салыстыруға негізделген үдеріс.

Дамытушы кері байланыс (Constructive Feedback) – оқушының ағымдағы оқу деңгейін анықтауға, жіберілген қателіктерді түсінуге және алға ілгерілеу үшін нақты қандай қадамдар жасау керектігін бағыттайтын мұғалім мен оқушы арасындағы сындарлы ақпараттық өзара байланыс.

Жаһандық құзыреттіліктер (Global Competencies) – ХХІ ғасыр адамына қажетті, жергілікті және жаһандық маңызы бар мәселелерді сыни тұрғыдан талдау, әртүрлі мәдениет өкілдерімен тиімді қарым-қатынас жасау және ұжымда бірлесе жұмыс істей алу дағдыларының жиынтығы.

3. БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫПТАРЫ

Модуль	Сабактың тақырыптары
1. Функционалдық сауаттылық – сапалы білім берудің негізі	1.1. Бастауыш білім берудегі функционалдық сауаттылықтың ғылыми-әдістемелік негіздері және МЖБС талаптары. 1.2. Халықаралық зерттеулер (PIRLS, TIMSS) шеңберінде оқушылардың құзыреттілік деңгейлерін бағалау ерекшеліктері.
2. Оқылым сауаттылығы және мәтінмен жұмыс істеу стратегиялары	2.1. Бастауыш сыныптарда оқылым сауаттылығын дамыту: ақпаратты іздеу, интерпретациялау және сыни тұрғыдан бағалау. 2.2. Көркем және ақпараттық мәтіндермен жұмыс істеудің белсенді стратегиялары (РАФТ, ИНСЕРТ, кубизм және т.б.).

	2.3. PIRLS форматындағы мәтіндік тапсырмаларды құрастыру және қолдану әдістемесі.
3. Математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты қалыптастыру	3.1. Математикалық сауаттылық: өмірлік жағдаяттарға негізделген және логикалық есептерді шығару стратегиялары. 3.2. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты дамытудағы зерттеушілік және тәжірибелік-эксперименттік әдістер. 3.3. TIMSS халықаралық зерттеуінің талаптарына сай пәнаралық тапсырмалар әзірлеу.
4. Инновациялық оқыту стратегиялары (STEAM және Жобалық оқыту)	4.1. Бастауыш сыныпта STEAM технологиясын қолдану: пәндерді интеграциялау және практикалық бағыттылық. 4.2. Жобалық оқыту (Project-Based Learning) арқылы оқушылардың өмірлік дағдылары мен жаһандық құзыреттіліктерін дамыту. 4.3. Оқыту үдерісінде скаффолдинг (сатылап қолдау) және саралап (дифференциациялап) оқыту әдістерін модельдеу.
5. Критериалды бағалау және дамытушы кері байланыс технологиясы	5.1. Функционалдық сауаттылықты бағалауға арналған критерийлер мен қалыптастырушы тапсырмалар жүйесін құру. 5.2. Оқушының ілгерілеуін қамтамасыз ететін сындарлы (конструктивті) кері байланыс түрлерін қолдану. 5.3. Бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі және өзара бағалау (рефлексия) дағдыларын қалыптастыру.

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Бағдарламаның мақсаты: Бастауыш сынып мұғалімдерінің заманауи белсенді оқыту стратегияларын меңгеру деңгейін арттыру және халықаралық трендтерге (PIRLS, TIMSS) сәйкес оқушылардың функционалдық сауаттылығын (оқылым, математикалық, жаратылыстану-ғылыми) тиімді қалыптастыру, саралап оқыту мен критериалды бағалауды тәжірибеде қолдану бойынша кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

• **Теориялық-әдіснамалық міндет:** Бастауыш білім берудегі функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөліктерін, МЖБС талаптарын және халықаралық PIRLS, TIMSS зерттеулерінің бағалау шеңберін мұғалімдерге терең түсіндіру;

• **Практикалық-әдістемелік міндет:** Оқушылардың мәтінді түсіну, логикалық ойлау және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған заманауи белсенді оқыту стратегияларын (сыни тұрғыдан ойлау, белсенді оқылым тәсілдері) қолдану жолдарын үйрету;

• **Технологиялық міндет:** Бастауыш сыныптарда STEAM технологиясы мен жобалық оқытуды (PBL) кіріктіру, оқушыларды сатылап қолдау (скаффолдинг) мен саралап оқыту әдістерін модельдеу дағдыларын қалыптастыру;

• **Бағалау және рефлексивті міндет:** Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған критериалды тапсырмалар жүйесін әзірлеу, сындарлы кері байланыс беру және оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту әдістемесін меңгерту.

Күтілетін нәтижелер:

Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар (бастауыш сынып мұғалімдері):

• **Біледі:** Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудың заманауи концепцияларын, халықаралық PIRLS және TIMSS зерттеулерінің негізгі талаптары мен тапсырмалар форматын;

• **Қолдана алады:** Сабақ үдерісінде оқушылардың оқылым белсенділігі мен математикалық-логикалық дағдыларын арттыратын заманауи белсенді оқыту стратегияларын (РАФТ, ИНСЕРТ, кубизм және т.б.);

• **Меңгереді:** STEAM және жобалық оқыту элементтерін бастауыш сынып пәндерімен интеграциялау, сыныпта саралап оқыту мен скаффолдинг тәсілдерін жүзеге асыру жолдарын;

• **Құрастырады:** Оқушылардың өмірлік жағдаяттарда білімін қолдану қабілетін тексеретін функционалдық сипаттағы деңгейлік тапсырмаларды, критерийлерді және сындарлы кері байланыс құралдарын;

• **Талдайды:** Өз сабақтарының тиімділігін рефлексиялау арқылы оқушының ілгерілеуін бағалау және кәсіби даму траекториясын жоспарлау дағдыларын бекітеді.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

№	Сабақтың тақырыптары мен модульдері	Дәріс	Тәжірибелік сабақ	Тренинг	Таңдау сабағы	Барлығы
1	1-модуль. Функционалдық сауаттылық – сапалы білім берудің негізі	4	8	2	2	16
1.1	Бастауыш білім берудегі функционалдық сауаттылықтың әдіснамалық негіздері және МЖБС талаптары	2	4	-	-	6

1.2	Халықаралық зерттеулер (PIRLS, TIMSS) аясында тапсырмалар мәтінімен жұмыс және академиялық адалдық	2	4	2	2	10
2	2-модуль. Оқылым сауаттылығы және мәтінмен жұмыс істеу стратегиялары	6	8	4	2	20
2.1	Оқылым белсенділігі мен мәтінді терең түсіну дағдыларын (инсерт, РАФТ, кубизм) жоспарлау және қолдану	3	4	2	-	9
2.2	PIRLS халықаралық форматына сай деңгейлік мәтіндік тапсырмаларды бірлесіп құрастыру және талдау	3	4	2	2	11
3	3-модуль. Математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты қалыптастыру	4	8	2	2	16
3.1	Өмірлік жағдаяттарға негізделген және логикалық есептерді шешудің белсенді әдіс-тәсілдері	2	4	2	-	8
3.2	TIMSS халықаралық бағалау шеңберіне	2	4	-	2	8

	сәйкес пәнаралық және тәжірибелік тапсырмаларды модельдеу					
4	4-модуль. Инновациялық оқыту стратегиялары (STEAM және Жобалық оқыту)	4	6	2	2	14
4.1	Бастауыш мектепте STEAM технологиясы мен жобалық оқытуды (PBL) кіріктіріп жоспарлау	2	3	2	-	7
4.2	Сабәқ үдерісінде оқушыларды сатылап қолдау (скаффолдинг) және саралап оқыту әдістерін сынақтан өткізу	2	3	-	2	7
5	5-модуль. Критериалды бағалау және дамытушы кері байланыс технологиясы	2	8	2	2	14
5.1	Функционалдык тапсырмаларды критериалды бағалау құралдарын әзірлеу және сындарлы кері байланыс беру	1	4	2	-	7
5.2	Оқушылардың өзін-өзі бағалау (рефлексия) дағдылары мен мұғалімнің кәсіби даму портфолиосын дайындау	1	4	-	2	7

	ЖАЛПЫ САҒАТ САНЫ:	20	38	12	10	80
--	------------------------------	-----------	-----------	-----------	-----------	-----------

Ескерту: 1 академиялық сағат - 45 минут (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы № 249 бұйрығы).

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Бағдарлама бойынша оқу процесі оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, күндізгі, қашықтықтан немесе аралас форматта жүзеге асырылады. Курстың жалпы ұзақтығы – **80 академиялық сағатты** құрайды, бір академиялық сағат – 45 минут, ал күнделікті оқу жүктемесінің ұзақтығы – 8 академиялық сағаттан тұрады.

Бағдарлама мазмұны модульдік және зерттеушілік бағыттағы практикалық тапсырмалармен жүйелі үйлестірілген.

Оқыту барысында педагогтардың белсенді қатысуын және меңгерілген тәсілдерді кәсіби қызметіне нәтижелі енгізуін қамтамасыз ететін келесідей оқыту формалары қолданылады:

- **Интерактивті дәрістер мен семинарлар:** Тұжырымдамалық негіздерді, халықаралық трендтер мен әдіснамалық тәсілдерді талқылау;
- **Тәжірибелік сабақтар:** Жеке, жұптық және топтық жұмыс түрлерін (шағын жобалар, пікірталастар, іскерлік ойындар және кейс-стади) орындау;
- **Өзіндік жұмыс:** Тындаушылардың кәсіби қажеттіліктеріне қарай жеке немесе ұжымдық зерттеулік тапсырмаларды орындауы;
- **Қорытынды жұмыс:** Функционалдық сауаттылықты дамыту стратегиялары кіріктірілген орта мерзімді (ОМЖ) және қысқа мерзімді (ҚМЖ) сабақ жоспарларын әзірлеу және қорғау.

Сабақтарды өткізу әдістері мен түрлері оқу процесінің тұтастығы мен логикасын сақтай отырып, бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне, педагогтардың біліктілік деңгейіне, модульдер бойынша күтілетін нәтижелерге және таңдалған оқыту форматына (күндізгі, қашықтықтан, аралас) сәйкес анықталады.

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

№	Модуль тақырыбы	Сағат саны	Дәріс түрі	Оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі
1	Функционалдық сауаттылық — сапалы білім берудің негізі	16	Проблемалық дәріс, шолу дәрісі	Таныстырылымдар (презентациялар), Бастауыш білім берудің МЖБС нұсқаулықтары, PIRLS және

				TIMSS халықаралық зерттеулерінің бағалау шеңберлері мен талдау материалдары; PIRLS және TIMSS тапсырмаларының халықаралық ресми дерекқорлары мен ашық тапсырмалар банктері;
2	Оқылым сауаттылығы және мәтінмен жұмыс істеу стратегиялары	20	Дәріс-визуализация, кейс-стади	Белсенді оқылым стратегияларының алгоритмдері (РАФТ, ИНСЕРТ, кубизм), PIRLS форматындағы мәтіндік тапсырмалар жинағы, оқылым дағдыларын бағалау парақтары, бейне-сабақ материалдары; Ұлттық білім беру дерекқорының (ҰБДҚ) немесе Ақпараттық-талдау орталығының (АТО) әдістемелік есептері;
3	Математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты қалыптастыру	16	Дәріс-дискуссия, бинарлық дәріс	Логикалық және өмірлік контекстілі есептер жинағы, TIMSS халықаралық тапсырмалар конструкторы, пәнаралық интеграцияға арналған жұмыс парақтары, зертханалық-тәжірибелік нұсқаулықтар атласы.
4	Инновациялық оқыту стратегиялары (STEAM және Жобалық оқыту)	14	Дәріс-конференция, практикалық демонстрация	STEAM жобаларын жоспарлау картасы, Жобалық оқыту (PBL) бойынша әдістемелік нұсқаулықтар, скаффолдинг (сатылап қолдау) және саралап оқыту сценарийлерінің үлгілері; интерактивті онлайн тақталар (Padlet, Miro) және бағалауға арналған цифрлық квиз платформалары (Quizizz, Kahoot)

5	Критериалды бағалау және дамытушы кері байланыс технологиясы	14	Дәріс-диалог, рефлексиялық сессия	Бағалау критерийлері мен дескрипторлар шаблондары, сындарлы (конструктивті) кері байланыс фреймворктері, оқушылардың өзін-өзі бағалау күнделіктерінің үлгілері, мұғалімнің кәсіби портфолио құрылымы; Жасанды интеллект құралдары (ChatGPT, Claude және т.б. тапсырма құрастыруға арналған);
---	--	----	-----------------------------------	--

8. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Оқыту нәтижелерін бағалау процесі педагогтің заманауи оқыту стратегияларын меңгеру және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтауға, меңгерілген дағдылардың сапасын бағалауға және курс мақсатына жету деңгейін өлшеуге бағытталған. Бағалау жүйесі бастауыш білім беру саласының ерекшеліктеріне сәйкес теориялық білім мен практикалық-әдістемелік дағдылардың өзара байланысын көрсетеді.

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерінің даму деңгейін анықтау үшін курс соңында функционалдық сауаттылықты арттыру стратегиялары кіріктірілген авторлық сабақ жоспарларының (ОМЖ немесе ҚМЖ) шағын жобалары мен таныстырылымдары (4-5 слайдтан көп емес) өткізіледі.

Педагогтің әзірлеген сабақ жоспарын (немесе жобалық портфолиосын) бағалау келесі шкала бойынша жүзеге асырылады:

- **13 – 15 балл: «Өте жақсы»** (Функционалдық сауаттылықты дамыту стратегияларын қолдану және бағалау дағдылары жоғары деңгейде қалыптасқан).

- **9 – 12 балл: «Жақсы»** (Заманауи әдістемелік негіздерді толық меңгерген, бірақ тапсырмаларды саралауда кейбір қадамдарды нақтылау қажет).

- **5 – 8 балл: «Қанағаттанарлық»** (Практикалық қолдауда, халықаралық PIRLS/TIMSS форматында тапсырма құрастыруда қиындықтар бар).

- **0 – 4 балл: Курс бағдарламасын меңгермеген** (сертификат берілмейді/қайта тапсыруға жіберіледі).

№	Бағалау критерийі	0 балл	1 балл	2 балл	3 балл	Қорытынды балл
1	Презентацияны таныстыру деректері: Сабақ жоспарының жобасы дұрыс бейнеленген, логикалық жүйелілік сақталған және көрнекілігі (4-5 слайд) жоғары.	Талапқа сай емес	Жартылай бейнеленген	Түсінікті, бірақ жүйесіз	Толық, жүйелі және көрнекі	
2	Әдістемелік аспект: Заманауи оқыту стратегияларының (белсенді оқыту, жобалық тәсіл) ерекшеліктері мен қолданылуы сабақ жоспарында терең қарастырылған.	Қарастырылмаған	Тек теориялық сипатта (әдістердің аты ғана бар)	Тәжірибемен байланыс бар (ішінара кіріккен)	Терең талданған, мазмұнды және дәлелді	
3	Функционалдық бағыт (SMART мақсат): Сабақтың оқу мақсаттары оқушылардың функционалдық сауаттылығын (оқылым, математикалық не жаратылыстану) дамытуға бағытталған және нақты, өлшемді (SMART).	Мақсат жоқ	Мақсат бұлдыр	SMART форматы жартылай сақталған	Толық SMART форматында	

4	<p>Тапсырмалардың мазмұны (PIRLS/TIMSS тренді): Оқушылардың алған білімін өмірде қолдануына негізделген контекстілі тапсырмалар мен саралау әдістері нақты жоспарланған.</p>	Тапсырмалар жоқ / тек дайын ережелер	Тек жалпы бағыттар, деңгейлері анық емес	Тапсырмалар бар, бірақ ретсіз / икемделмеген	Нақты, кезең-кезеңімен саралап жасалған	
5	<p>Критериалды бағалау және рефлексия: Функционалдық тапсырмаларды бағалау құралдары (критерийлер, дескрипторлар) мен сындарлы кері байланыс деңгейі негізделген.</p>	Бағалау мен рефлексия жоқ	Үстірт талдау / критерийлері жалпылама	Бағалау құралдары бар, бірақ толық емес	Нақты өлшемді бағалау және негізделген рефлексия	
	<p>ЖАЛПЫ БАЛЛ (Максимум – 15 балл)</p>					

9. КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Курстан кейінгі кәсіби қолдау педагогтің функционалдық сауаттылықты дамыту жөніндегі әдістемелік қызметін одан әрі нығайтуға, курста меңгерілген заманауи стратегияларды іс-тәжірибеде тұрақты бекітуге және кәсіби қоғамдастықпен тығыз байланыс орнатуға бағытталады.

Курстан кейінгі қолдау білім алушылардың оқу нәтижелерінің ұзақ мерзімді сақталуына және мектеп тәжірибесіне трансформациялануына (енуіне) ықпал етеді.

Қолдау форматтары мен кезеңдері:

1 кезең – Ақпараттық-консультациялық қолдау: Курс кураторының (оқытушының) заманауи байланыс құралдарын (e-mail, WhatsApp, Telegram, Google Meet) қолдана отырып, бастауыш сыныптарда функционалдық тапсырмаларды әзірлеу және сабақ жоспарларын іске асыру барысында

туындаған әдістемелік қиындықтар бойынша жеке және топтық онлайн консультациялар өткізуі.

2 кезең – Әдістемелік және цифрлық мониторинг: Білім беру ұйымдарындағы тыңдаушылардың жұмыс тәжірибесін зерделеу. Оларды оқушылардың оқылым, математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын арттыруға арналған жаңартылған халықаралық (PIRLS/TIMSS) әдістемелік нұсқаулықтармен, цифрлық ресурстармен, тапсырмалар конструкторларымен және дайын шаблондармен қамтамасыз ету.

3 кезең – Тәжірибелік коучинг және кері байланыс: Курс кураторы тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға қажетті әдістемелік қолдауды олардың ашық сабақтарына онлайн/офлайн қатысу және функционалдық сауаттылықты қалыптастыру нәтижелерін бірлесе талдау арқылы жүзеге асырады. Мұғалімдердің жіберген әдістемелік қателіктерін түзетуге бағытталған сындарлы (конструктивті) кері байланыс беру.

4 кезең – Желілік қоғамдастық: Тыңдаушылар арасында өзара тәжірибе және тиімді кейстерді алмасу алаңын (әлеуметтік желілердегі кәсіби топтар немесе арнайы қауымдастық парақшалары) құру. Бастауыш сынып мұғалімдерінің бір-бірінен үйренуіне жағдай жасау мақсатында «Функционалдық сауаттылықты дамытудың үздік авторлық сабақтары мен тапсырмалары» тақырыбында вебинарлар ұйымдастыру. Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің Үздіксіз білім беру институтының ресми платформасы базасында тіркелген.

5 кезең – Нәтижелерді тарату және пост-курстық бағалау: Тыңдаушылардың заманауи стратегияларды қолдану нәтижелері бойынша әдістемелік мақалаларын, баяндамаларын ғылыми-тәжірибелік жинақтарға дайындауға көмектесу. Курс аяқталғаннан кейінгі 3-6 ай ішінде педагогтің кәсіби өсу динамикасын (функционалдық сауаттылықты дамыту деңгейін) қорытынды мониторингтеу және бағалау. **Курстан кейінгі қолдаудың жалпы мерзімі — курс аяқталғаннан кейін 6 ай" немесе "1 академиялық жыл.**

Қолдау әдістері:

- **Фасилитация** (тыңдаушылардың топтық жұмысын бағыттау және тиімді ұйымдастыру);
- **Тәлімгерлік (mentoring) және коучинг** (тәжірибелі педагогтер тарапынан жеке қолдау көрсету);
- **Бірлескен талдау (collaborative analysis)** (сабақтарды, оқушылардың орындаған функционалдық тапсырмаларын бірге талқылау);
- **Кәсіби рефлексия** (мұғалімнің өз іс-әрекетіне сыни тұрғыдан қарап, баға беруі);
- **Сындарлы кері байланыс беру.**

10. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (МЖБС). ҚР Оқу-ағарту министрінің бұйрығымен бекітілген нормативтік құжат.
2. PIRLS 2021/2026 Assessment Frameworks and Specifications. International Association for the Evaluation of Educational Achievement (IEA), Lynch School of Education, Boston College.
3. TIMSS 2023/2027 Assessment Frameworks. International Study Center, Boston College.
4. Әлімбаев А.К., Сүлейменова Г.А. Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту әдістемесі: Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2022. – 180 б.
5. Сарыбаева Қ. Н., Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш сыныптарда мәтінмен жұмыс істеу және оқылым сауаттылығын арттыру стратегиялары. Астана, 2023. 145 б
6. Жанәділова М.Т. Бастауыш мектептегі STEAM оқыту технологиясы: Тәжірибе және инновация. – Алматы, 2024. – 160 б.
7. Кәрімова Б.С. Критериалды бағалау және сабақта қолданылатын дамытушы кері байланыс фреймворктері: Әдістемелік нұсқаулық. Қарағанды, 2023. – 120 б

Қосымша әдебиеттер:

1. Иманбаева С.С., Қалиева Э.И. Педагогикалық технологиялар және жобалық оқытудың тиімділігі: Монография. – Алматы, 2021. – 210 б.
2. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған халықаралық PIRLS зерттеуінің тапсырмалар жинағы / Әдістемелік құрастырушылар тобы. – Астана: «Таланттарды анықтау және қолдау орталығы», 2022. – 98 б.
3. Оқушылардың математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын дамытуға арналған контекстілі есептер конструкторы (TIMSS бағыты). – Шымкент, 2023. – 115 б.
4. Tomlinson, C.A. How to Differentiate Instruction in Academically Focused Classrooms. (Саралап оқыту әдістемесі, аударма материалдары). – ASCD, 2020.
5. Цифрлық білім беру ресурстары мен жасанды интеллект құралдарын бастауыш сынып сабақтарында қолдану: Әдістемелік ұсынымдар. – Алматы, 2025. – 85 б.

Шетелдік әдебиеттер (Foreign Literature):

1. Mullis, I.V.S., Martin, M.O., & Reynolds, K. A. (2021). PIRLS 2021 Assessment Frameworks. Chestnut Hill, MA: TIMSS & PIRLS International Study Center, Boston College.
2. Martin, M.O., von Davier, M., & Mullis, I.V.S. (Eds.). (2023). TIMSS 2023 Assessment Frameworks. Chestnut Hill, MA: TIMSS & PIRLS International Study Center, Boston College.

3. Tomlinson, C.A. (2020). *How to Differentiate Instruction in Academically Diversified Classrooms* (3rd ed.). Alexandria, VA: ASCD. (Бастауыш сыныптарда саралап оқытудың әлемдік негізі).
4. Hattie, J. (2023). *Visible Learning for Teachers: Maximizing Impact on Learning*. London: Routledge. (Білім берудегі дәлелді педагогика және дамытушы кері байланыстың тиімділігі).
5. Fisher, D., & Frey, N. (2021). *Checking for Understanding: Formative Assessment Techniques for Your Classroom* (3rd ed.). Alexandria, VA: ASCD. (Оқушылардың функционалдық түсінігін қалыптастырушы бағалау әдістері).
6. Blythe, T. (2020). *The Teaching for Understanding Guide*. San Francisco: Jossey-Bass. (Мәтінді және ақпаратты терең түсіну стратегиялары).
7. Vasquez, J.A., Comer, M. W., & Sneider, C.I. (2020). *STEM Lesson Essentials, Grades 3-8: Integrating Science, Technology, Engineering, and Mathematics*. Portsmouth, NH: Heinemann. (Бастауыш мектепке арналған STEAM сабақтарының құрылымы).
8. Larmer, J., Mergendoller, J., & Boss, S. (2021). *Setting the Standard for Project-Based Learning*. Alexandria, VA: ASCD. (Жобалық оқытуды сабаққа кіріктіру жолдары).